Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

# Қазақ университеті

№ 7 (1301)
қыркүйек
2001 жыл

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

## *Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы*

### Жекелеген мемлекеттік жоғары оқу орындарына ерекше мәртебе беру туралы

Жеке тұлғаның ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен техниканың жетістіктері негізінде қалыптасуына, дамуына және кәсіби орнығуына қосқан елеулі үлесін ескере отырып және "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңына сәйкес қаулы етемін:

1. Мына мемлекеттік жоғары оқу орындарына:

1) әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне;

2) Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне;

3) Қазақ ұлттық аграрлық университетіне;

4) Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетіне;

5) С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университетіне;

6) Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясына;

8) Қазақ ұлттық музыка академиясына ерекше мәртебе берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Ерекше мәртебесі бар мемлекеттік жоғары оқу орындары туралы үлгі ережені бекітсін;

2) Осы Жарлықтан туындайтын өзге де шараларды қолдансын.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 9 қаңтардағы №1059 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті
Н.НАЗАРБАЕВ

Астана, 2001 жылғы шілденің 5-і
№ 648

## *Указ Президента Республики Казахстан*

### о предоставлении особого статуса отдельным государственным высшим учебным заведениям

Учитывая значительный вклад в формирование, развитие и профессиональное становление личности на основе национальных и общечеловеческих ценностей, достижений науки и техники и в соответствии с Законом Республики Казахстан от 7 июня 1999 года "Об образовании" постановляю:

1. Придать особый статус следующим государственным высшим учебным заведениям:

1) Казахскому национальному универистету имени аль-Фараби;

2) Евразийскому национальному универистету имени Л.Н. Гумилева;

3) Казахскому национальному аграрному университету;

4) Казахскому национальному техническому университету имени К.И. Сатпаева;

5) Казахскому национальному медицинскому университету имени С.Д. Асфендиярова;

6) Казахской национальной академии искусств имени Т.К. Жургенова;

7) Казахской национальной консерватории имени Курмангазы;

8) Казахской национальной академии музыки.

2. Правительству Республики Казахстан:

1) утвердить Типовое положение о государственных высших учебных заведениях, имеющих особый статус;

2) принять иные меры, вытекающие из настоящего Указа.

3. Признать утратившим силу постановление Президента Республики Казахстан от 9 января 1993 года, №1059.

4. Настоящий Указ вступает в силу со дня подписания.

Президент Республики Казахстан
Н.НАЗАРБАЕВ

Астана, 5 июля 2001 года
№ 648

Өмір-дерек

# ҚОЖАМҚҰЛОВ Төлеген Әбдісағиұлы

Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері , Халықаралық жоғары мектеп ғылым академиясының толық мүшесі (академигі), физика-математика ғылымдарының докторы, профессор,
**әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры**



Т.Ә. Қожамқұлов - есімі әлемге танымал ғұлама ғалым, физик-теоретик. Дүниежүзілік және мемлекеттік арнаулы басылымдарда физиканың түрлі (кванттық хромодинамика, ядро мен элементар бөлшектердің теориясы, гравитация мен салыстырмалы теориясы) салаларынан жарық көрген жүзден аса ғылыми жұмыстардың авторы. Ол теориялық физикада "Торланған калибрлік өрісті стохастикалық кванттау" атты жаңа бағыт ашты. Оның шәкірттері мен ізбасарлары әлемнің белгілі ғылыми орталықтарында (АҚШ, Франция, Израиль, Ұлы Британия, Жапония, Италия, Ресей және т.б.) бұл бағытты әрі қарай дамытуда.

Т.Ә. Қожамқұлов 1946 жылы сәуір айының 29 жұлдызында Қазақ топырағында Алматы облысының Жамбыл ауданындағы Жамбыл атындағы ауылда дүниеге келді. 1952 жылы 1-класқа барып, 11 жылдық мектепті 1962 жылы аяқтады. Сол жылы С.М.Киров (қазіргі әл-Фараби) атындағы ҚазМУ-дің физика факультетіне оқуға түсті. Үздік оқып, лениндік стипендиат болды. Музыкамен айналысып, спортпен шұғылданды. 1967 жылы ҚазМУ-ді үздік дипломмен бітіріп, сол жылы Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) қаласындағы А.Ф.Иоффе атындағы физика-техникалық институтының аспирантурасына қабылданды. Оны 1970 жылы ойдағыдай аяқтап, қараша айының 1 жұлдызында ҚазМУ-дің физика факультетіне жұмысқа тұрды. Содан беріде ассистент, аға оқытушы, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі, декан секілді қызмет сатыларынан өтті. Сонымен қатар ҚазМУ-дің физика факультетінің жанынан алғаш құрылған тәжірибелік және теориялық физика ғылыми-зерттеу институтын ұйымдастырушы және оның тұңғыш директоры болды. 1998 жылы наурыздың 18 жұлдызынан 2001 жылдың шілдесінің 14 жұлдызына дейінгі аралықта І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ректоры болып жұмыс істеді. 2001 жылдың шілдесінің 16 жұлдызынан бастап әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры болып тағайындалды.

Т.Ә.Қожамқұлов 1986 жылы Киев қаласындағы Украина Ғылым академиясының теориялық физика институтында мамандандырылған ғылыми кеңесте Совет Одағында бірінші болып торланған калибрлік өріс теориясынан докторлық диссертация қорғады. 1989 жылы оған профессор ғылыми атағы берілді. 1994 жылы Халықаралық жоғары мектеп ғылым академиясының толық мүшесі (академигі) болып сайланды.

Ол Қазақстан жоғары мектеп ғылым академиясын ұйымдастырушыларының бірі және оның вице-президенті. 1996 жылы 9 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен Қожамқұлов Төлеген Әбдісағиұлына "Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері" және Алматы облыстық мәслихатының 2001 жылғы 16 маусымдағы шешімімен "Алматы облысының құрметті азаматы" атақтары берілді.

**Академик А.Б. Мигдал (выдающийся ученый и яркий представитель школы Лауреата Нобелевской премии Л.Д. Ландау) о Т.А. Кожамкулове: «Физика Казахстана - огромной энергии, обязательный молодой человек»**

Биография

# КОЖАМКУЛОВ Толеген Абдисагиевич

**Ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби,**
Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері ,
академик МАН ВШ, доктор физико-математических наук, профессор

Кожамкулов Т.А. - физик-теоретик, крупный специалист в области теоретической физики. Им опубликовано более 100 научных трудов в международных и республиканских специализированных изданиях по таким разделам теоретической физики, как квантовая хромодинамика, теория ядра и элементарных частиц, теория относительности и гравитации; развито новое научное направление: стохастическое квантование калибровочных полей. Он является автором трех монографий, в том числе первой монографии в новейшем направлении науки "Стохастическое квантование в теории поля" (Алматы, изд. "Ғылым", 1996 г.), получившей широкое признание мировой научной общественности. Под его научным руко-водством выполнен и защищен ряд кандидатских диссертаций и по совместным работам - 3 докторские диссертации. Кожам-куловым Т.А. создана научная школа, которая получила широкое мировое признание. Его ученики и последователи работают в научных центрах США, Франции, Израиля, Великобритании, Японии, Италии, России и т.д. Имеет договоры о содружестве с зарубежными физическими институтами, такими, как ИТФ им. Л.Д. Ландау (г. Черноголовка), ОИЯИ (г Дубна), НСК при Президиуме РАН (г. Москва), ИЯФ им. Б.П. Константинова (г. Санкт-Петербург), ИТФ АН Украины (г. Киев) и др.

Кожамкулов Т.А. проявил себя как организатор науки. Он создатель и первый директор научно-исследовательского института экспериментальной и теоретической физики при КазНУ им. аль-Фараби, явившегося первым НИИ при вузе в Казахстане. Институт служит научной базой для подготовки специалистов-физиков высокой квалификации: магистров, аспирантов, докторантов.

Кожамкулов Т.А. - один из инициаторов создания Академии Наук Высшей Школы Казахстана (Казахстанское отдление МАН ВШ). Это общественная научная организация, действующая по принципу передовых академий мира и объединяющая в качестве своих членов выдающихся и известных ученых Казахстана, работающих, в основном, в системе высшей школы. АН ВШК имеет двойной статус, что предложено Кожамкуловым Т.А. и осуществлено при его непосредственном участии. С одной стороны, это позволило АН ВШК как отделению МАН ВШ естественно выйти на международную арену и расширить сферу деятельности. С другой стороны, как самостоятельное юридическое лицо АН ВШК имеет возможность мобилизовать на достижение цели весь интеллектуальный вузовский потенциал Республики Казахстан без каких-либо искусственных ограничений.

Кожамкулов Т.А. является членом президиума и вице-президентом АН ВШК.

Кожамулов Т.А. родился 29 апреля 1946 года в селе им Джамбула Джамбульского района Алматинской области, гражданин Республики Казахстан. В 1962 году, после окончания средней школы 11-летки, поступил на физический факультет КазГУ им. С.М. Кирова. Был Ленинским стипендиатом, активно занимался наукой, спортом, музыкой. В 1967 году окончил с отличием КазГУ и получил направление в аспирантуру в г. Ленинград. После успешного окончания аспирантуры в ФТИ им А.Ф. Иоффе АН СССР он с 1970 года по 1998 год работал в КазГУ на физическом факультете (ассистент, старший преподаватель, доцент, профессор, зав.кафедрой, декан, директор НИИ). С 18 марта 1998 года по 14 июля 2001 года работал ректором Жетысуского государственного университета им. И. Жансугурова и 16 июля назначен ректором Казахского национального университета им. аль-Фараби.

В 1986 году на специализированном совете при ИТФ УССР (г. Киев) Кожамкулов Т.А. защитил первую в СССР докторскую диссертацию по решеточным калибровочным теориям: "Стохастическое квантование калибровочных полей на решетке. Теория и численный эксперимент" по специальности 01.0 4.02 - Теоретическая и математическая физика. В 1989 году ему присвоено ученое звание профессора. В 1994 году Кожамкулов Т.А. избран действительным членом (академиком) Международной Академии Наук Высшей Школы. В 1984 году он награжден значком Минвуза СССР "За отличные успехи в работе", а в 1996 году ему присвоено почетное звание РК "Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері". Решением Алматинского областного маслихата от 16 июля 2001 года Кожамкулову Т.А. присвоено звание "Алматы облысының құрметті азаматы".



## РЕКТОРАТ

*Қыркүйектің 11-і күні Ректорат мәжілісінде проректор Қ.М.Баймырзаевтың оқу корпустары мен жатақханалардың жаңа оқу жылына дайындығы жөнінде, проректор Л.С.Ахметованың шығын сметаларын бекіту жөнінде және проректор Е.Б.Жатқанбаевтың Экономика және құқық институтындағы құрылымдық өзгерістер жөніндегі хабарламалары тыңдалды. Сондай-ақ, университет ректоры, профессор Т.Ә.Қожамқұлов Экономика және құқық институтының директоры, профессор Ә.Е.Бектұрғановтың М.-Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетіне ректор қызметіне тағайындалуы жөніндегі Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен ректорат мүшелерін таныстырды.*

Ұстазға тағзым



# КИЕЛІ ҰҒЫМНЫҢ КОРОЛІ

ҚазҰУ-дің мәжіліс залында қыркүйектің 20-сы күні Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан мен Қырғызстанның ғылымдарына еңбегі сіңген қайраткер, филология ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, академик Зейнолла Қабдолұлы Қабдоловтың ұстаздық қызмет атқарғанына 50 жыл толуына арналған "Қазіргі қазақ әдебиетін зерттеу мен зерделеудің өзекті мәселелері" атты халықаралық ғылыми симпозиум болып өтті. Мұнда қазақ білімінің қара шаңырағы ҚазҰУ-де жарты ғасырдан бері үздіксіз ұстаздық қызмет етіп келе жатқан ғалым-жазушының көркем сөз, ғылым саласындағы еселі еңбегіне егжей-тегжейлі баға берілді. Шәкірттері ұлағатты ұстазды мерейлі мерекесімен құттықтап, ұзақ ғұмыр, шығармашылық шабыт тіледі.

**Ғылыми симпозиум соңында университет ректоры, профессор Т.Ә.Қожамқұлов: "Бүгінгі бас қосу "Ұстаз" деген киелі ұғымның образын жасау, абырой-беделін асқақтату мақсатында болып отыр. ҚазҰУ-де өнегелі ісімен ел мақтанышына айналған оқытушы-ұстаздар аз емес. Мұндай игілікті бастама алдағы уақытта да жалғасын таба бермек", - деп сөзін қорытты.**

Талапкер-2001



Құнышия АЛПЫСБАЕВ, қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы

Биыл үшінші жыл студент қатарына қабылдау тәртібі республика бойынша бір орталықтан басқарылатын қазақ ұлттық тест орталығының технологиясы бойынша жүргізіліп келе жатқаны белгілі

# СЫНАҚТАН СОҢҒЫ САНАҚ

Дегенмен технологияны жетілдіру, сондай-ақ білім беру құрылымдарын (мемлекеттік және жеке меншік оқу орындарын) бір жүйеге түсіру мақсатында типтік ережеге биыл да өзгерістер енгізілген. Ең басты өзгеріс жеке меншік оқу орындарына түскісі келетіндер де тест орталығының технологиясы бойынша емтихан өткізді.

Құжат қабылдаудан бастап бүгінгі студент қатарына алуға дейінгі жұмыс процесі төмендегіше болды:

Маусымның 20-сынан шілденің 15-іне дейін құжат қабылданды. Шілденің 26-30-ы аралығында кешенді тест сынағы өткізілді. Тамыздың 10-ынан бастап студент қатарына қабылдай бастадық.

Бұрынғы жылдармен салыстырғанда биыл біздің комиссия бойынша құжат тапсырушылар да, грант, несие куәліктерін жеңіп алушылар да, университетімізге түсушілер де әлдеқайда көп деуге болады. Мысалы, былтыр 4500-ге тарта құжат тапсырылып, оның 900-дейі грант, несие куәлігін жеңіп алса, биыл 5200-ге тарта талапкер біздің комиссия бойынша кешенді тест сынағын өткізіп, оның 1100-і грант, несие куәліктерін жеңіп алды.

Өткен жылы біздің университетке 1300-дей грант, несие бойынша студент қабылданса, биылғы жылы 1620-дай талапкер Қазақ ұлттық университетінің студенті атанып отыр. Бұған қоса 1600-ге жуық талапкер ақылы топқа қабылданды.

В добрый путь!

# СЛОВО О НАШЕМ ДИРЕКТОРЕ



В ИЭП КазНУ имени аль-Фараби большие перемены. Наш директор д.ю.н., профессор Бектурганов А.Е. переведен на новую работу – на должность ректора Таразского государственного университета им.М.-Х. Дулати. Нам очень жаль расставаться с ним. За годы нашей учебы мы успели полюбить его

Абдиманап Еликбаевич всегда относится к нам, студентам, с особым вниманием, всегда выслушивает наши проблемы и помогает решить их. Мы знаем, что за его внешней строгостью скрывается доброе сердце. Даже не верится, что больше не увидим его, идущего по коридору, окруженного студентами. Нам будет очень не хватать нашего "папы", как любовно называем мы его между собой. Расставаться всегда трудно потому что, расставаясь, как бы отдаешь частичку себя.

Абдиманап Еликбаевич учился в КазНУ имени аль-Фараби и проработал в университете двадцать лет. Он начал свою профессиональную карьеру с ассистента кафедры экологического и природоресурсового права и достиг большой высоты в науке. Он первым в Республике Казахстан подготовил и защитил докторскую диссертацию на казахском языке.

Абдиманап Еликбаевич долгие годы был деканом юридического факультета и затем, когда образовался Институт Экономики и Права, стал его директором.

За двадцать лет работы в КазНУ Абдиманап Еликбаевич внес неоценимый вклад в развитие юридического факультета и затем Института Экономики и Права. Он является одним из организаторов первой Республиканской студенческой юридической олимпиады в 1998 году, всего при нем было проведено 4 Республиканских правовых олимпиады, открыто движение "SIFE", студенческая юридическая клиника, проведено множество республиканских и международных научно-практических конференций.

ТарГУ несомненно повезло, ведь в лице Абдиманапа Еликбаевича он приобретает замечательного ученого, талантливого руководителя и уникальную личность.

-Мы хотели бы пожелать Абдиманапу Еликбаевичу успехов на новом рабочем месте, счастья, здоровья и благополучия! Мы будем скучать по Вас!

**От имени всех студентов ИЭП Мерует БАКШАБАЕВА, студентка 3-го курса**

Контакты

# Приглашаем к участию в международных программах

По инициативе ***Отдела информационного обеспечения и международных программ*** КазНУ имени аль-Фараби для укрепления международных контактов **6 сентября 2001 года** в Конференц-зале Ректората была организована интересная встреча с представителями Фонда Сорос-Казахстан

Сотрудники Фонда Сорос-Казахстан презентовали научные и образовательные программы по социогуманитарным наукам и экологии для студентов, бакалавров, магистрантов, аспирантов, преподавателей и ученых Университета на 2002-2003 академический год.

Встречу открыл проректор по научной работе и международным связям, чл.-корр. НАН РК, д-р физ.-мат. наук, проф. Ф.Б. Баимбетов. Он представил заинтересованным слушателям гостей – сотрудников Консультационного Центра по Образованию Фонда Сорос-Казахстан Е. Кудрявцеву и А. Вержбицкую.

Программы привлекли внимание аудитории своим разнообразием:

***Студенческие программы:***

1. Обменные программы (Undergraduate Exchange) – для студентов 2 курса
2. Дополнительные гранты – частичная финансовая поддержка

***Программы магистратуры:***

1. Социальная работа в области здравоохранения, геронтологии и др.
3. Центрально-Европейский Университет
4. Оксфордская стипендия – 9-месячная стажировка

***Программы докторантуры:***

1. Центрально-Европейский Университет (3 года)
2. Поддержки докторантов – частичная финансовая поддержка

***Программы для преподавателей:***

1. Методические семинары в ЦЕУ (CEU) – 1 неделя
2. Исследовательские инициативы в Центральной Азии – до 2-х лет
3. Летний Университет – проведение недельных семинаров в Будапеште
4. Усовершенствование преподавателей вузов – 2 года
5. Оксфордская программа стажировки (Oxford Hospitality Scheme, совместно с Британским Советом) – 1 и 3 месяца
6. Стипендиальные программы Института Открытого Общества – поддержка исследований, публикаций и т.п.
7. Центрально-Азиатская Исследовательская Инициатива (CARI) – гранты для проведения научных исследований в области истории, права, политологии, социально-культурной антропологии/этнологии/этнографии, социологии.

**Специалисты отдела Д. ЕСИМХАН, Н. ЖЕКЕБАЕВА**

**За дополнительной информацией, формами заявок и методическими рекомендациями по их оформлению обращайтесь в Отдел информационного обеспечения и международных программ: Ректорат, 10 этаж, ком. 1009, тел. 472929 (внутр. 1159)**



Семинары

# ТВОРЧЕСКИЙ ПОРЫВ рождает идею

С 6 по 24 августа 2001 года в санатории "Каргалинский" Конфликтологический центр и Фонд Сорос-Казахстан проводили Международный Летний Университет на тему "Конфликтология: современные тенденции и перспективы"



Л.С. АХМЕТОВА, д.и.н., профессор, проректор по социальной и воспитательной работе

В условиях реформы высшего образования в среде преподавателей таких дисциплин, как политология, социология, психология, история, философия, журналистика, юридические науки, менеджмент, возрастает интерес к новым отраслям науки, в частности, к конфликтологии, давно апробированной на Западе, где специалисты-конфликтологи работают в сфере предотвращения и урегулирования конфликтов, миротворчества.

Организаторы Международного Летнего Университета поставили перед собой следующие задачи:

1. Подготовить 25 преподавателей вузов Центральной Азии по интенсивной трехнедельной программе.
2. Расширить общее понимание основных концепций конфликтологии.
3. Разработать программы спецкурсов по конфликтологии в вузах, а также модули семинаров по разрешению конфликтов для разных целевых групп.

В работе Университета, кроме традиционных форм обучения, активно использовались и интерактивные подходы – ролевые игры,

● Участники международного Летнего Университета из вузов Центральной Азии



моделирование ситуации, мозговой штурм, работа в малых группах, индивидуальные консультации и т.д.

Представители всех регионов Казахстана, преподаватели из Кыргызстана, Узбекистана, Таджикистана, Грузии участвовали в работе. Это была атмосфера творчества, здесь выдвигались идеи, новые проекты, возникали интересные споры. Каждый участник семинара приехал со своей учебной программой, спецкурсом по конфликтологии и в течение 18 дней презентовал свои научные наработки.

Казахский национальный университет, представленный проф. Ахметовой Л.С., к.и.н. Рахимовой Г.М. презентовал свои проекты учебных курсов по конфликтологии для факультета журналистики и факультета международных отношений.

Это был увлекательный период буйства творческой фантазии, незабываемых встреч, знакомств. Работая в малых группах, участники Летнего Международного Университета создали несколько проектов для дальнейшего сотрудничества. Сюда вошли: написание типовой программы "Конфликтология" для гуманитарных факультетов, проведение Летнего Университета в Усть-Каменогорске в 2002 году, создание сборника статей и т.д. Все это не нашло бы практического воплощения, если бы не поддержка замечательных преподавателей из США, Англии, России. Это был полезный интересный курс. Итогом восемнадцатидневной работы явилось написание "Программы взаимодействия всех участников" до 2006 года. Так что, это всего лишь первый этап.

В дальнейшем своей деятельностью преподаватели, обучившиеся здесь, смогут внести вклад в снижение уровня конфликтного потенциала, распространять в обществе идеи мира, толерантности и согласия, способствовать изучению традиционных и современных средств разрешения конфликтов и снятия напряженности, укреплению гражданского диалога, содействовать развитию сотрудничества среди вузов и других учебных заведений и организаций.

Проекты



Т.Л.ТАЖИБАЕВА, доцент, начальник отдела информационного обеспечения и международных программ, менеджер проекта

# В ФОКУСЕ ИССЛЕДОВАНИЙ – ПРАВА ЖЕНЩИН

**Завершился замечательный своей общественной и творческой значимостью проект по мониторингу прав женщин в Казахстане и созданию Центрально-Азиатской гендерной группы, инициаторами которого выступили преподаватели КазНУ им. аль-Фараби, члены ОО "Союз женщин интеллектуального труда".**

*От сердца - к сердцу, от мечты – к мечте*
*Свет женщины проложит путь незримый,*
*Открытый только Доброте*
*И Правде, и Любви неповторимой...*

Павел Кашаев

В рабочую группу входили: Л.С. Ахметова – руководитель проекта, д.и.н., профессор; Р.А. Балгин – сетевой менеджер, преподаватель факультета журналистики; Т.Л. Тажибаева – информационный менеджер, к.б.н., доцент, начальник отдела информационного



СОЮЗ ЖЕНЩИН ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОГО ТРУДА

РЕАЛИЗАЦИЯ ПРАВ ЖЕНЩИН В КАЗАХСТАНЕ

обеспечения и международных программ; Н.У. Шеденова – социолог проекта, к.с.н., и.о. доцента факультета философии и политологии. Проект осуществился благодаря гранту Фонда Сорос-Казахстан и был, по сути, широкомасштабной информационной и исследовательской кампанией.

Основной целью проекта являлся сбор статистической информации и аналитический комментарий относительно положения женщин в Казахстане. Это нашло отражение в сборнике материалов социологических исследований по вопросам мониторинга прав женщин, участия в общественной, научной жизни и соблюдения женских свобод в Казахстане и Центрально-Азиатском регионе. Согласно намеченной стратегии, участники и волонтеры проекта установили связи с 68 государственными и негосударственными вузами Казахстана и Центральной Азии, с 73 женскими и другими НПО республики, Образовательным фондом, американской ассоциацией женщин-преподавателей, Университетом штата Айова (США), которые вплотную исследуют гендерную проблематику.

Студентки, преподавательницы и активистки НПО с большой заинтересованностью обучались на семинарах, которые организовал "Союз женщин интеллектуального труда" совместно с профсоюзом "Парасат" КазНУ им. аль-Фараби и при поддержке международных и общественных организаций: "Толерантность" и "Трудовое законодательство: гендерный аспект" (Конфликтологический центр и ОО "Правовая инициатива", СОЛ КазНУ, июль, 2000), "Информированность по правам женщин" (ОБСЕ), "Семейно-брачное законодательство" (ОО "Правовая инициатива", сентябрь, 2000).

В рамках проекта участники провели 15 обучающих семинаров для волонтеров с подробным инструктажем о том, как проводить анкетирование, интервьюирование и социологический опрос, а волонтеры организовали 53 встречи-семинара с преподавателями вузов, женскими НПО в различных городах и регионах Казахстана.

Опрос проводился в 12 городах и регионах Казахстана: Алматы, Астана, Актобе, Атырау, Караганда, Кокшетау, Кызыл-Орда, Павлодар, Петропавловск, Уральск, Усть-Каменогорск, Шымкент.

Можно сказать, что работа по проекту велась эффективно и целенаправленно. Была подготовлена карта ключевых аспектов мониторинга прав женщин, включающая 7 основных направлений социологического опроса и исследовательского анализа. Были разработаны и детализированы вопросы для анкетирования по наиболее проблемным блокам: правовая грамотность женщин; отношение к равноправию полов; трудовая, общественная и политическая деятельность женщин ; экологические права; роль средств массовой информации в реализации прав женщин; активность женщин в защите своих прав. Фокусирование на данных вопросах позволяет оценить вклад и усилия общества и, в частности, самих женщин по созданию правовой основы гендерного равенства в Республике Казахстан.

Опрос 1 000 человек (из них 766 женщин и 234 мужчины) позволил проанализировать мнения из различных социальных групп и составить целостную картину правового положения женщин, их основных социальных проблем и готовности к их решению. Отчет по материалам социологических исследований, а также научно-исследовательская и общественная деятельность региональных партнеров, сотрудничество с которыми было налажено в рамках проекта, вошли в состав сборника "Реализация прав женщин в Казахстане" – Алматы. – Фонд "XXI век", 2001. – 84 стр.

Казахстанское общество провозгласило демократические принципы развития. Мы стремились дать полную картину механизмов и условий формирования женского правового сознания и поведения, соответствующих этим принципам.

Благодарим всех, кто принимал участие и оказывал поддержку данному проекту! Надеемся на дальнейшее сотрудничество и творческие контакты.



Сапарнама

# ТҮРКИЯ сапарынан туындаған ойлар

**Жуырда, шілде айының 13-інен 16-сына дейінгі аралықта университет басшылығының шешімімен Түркия Республикасының астанасы – Анкара қаласына қызмет сапарымен барып келдім. Бұл жерде, Анкараның Қызыл-Ай деген іскерлік ауданында университетіміздің оқу орталығы орналасқан. Оның негізгі мақсаты – Түркия Республикасының азаматтарына ҚазҰУ-дің оқу жоспарлары мен оқу бағдарламалары бойынша, яғни Қазақстанның мемлекеттік жалпы міндетті білім стандарттарына сәйкес, жоғары білім беру. Мұнда ҚазҰУ-дегі барлық мамандықтар бойынша студенттердің білім алуға мүмкіндіктері бар, бір ғана өзгешелігі – олар, бүгінгі күнде көп айтылып жүрген «алыстан білім беру» (орысша айтқанда «дистанционное обучение») әдісі арқылы оқытылады екен. Ол үшін осы оқу орталығының әкімшілігі, Мехмет Эрзендженли мырзаның басшылығымен, ҚазҰУ ғалымдарының негізгі оқулықтарын түрік тіліне аударып басып та шығарыпты. Бұл әдебиеттер студенттерге оқуға түскен кезде толығымен таратылады, ал кейін байланыс құралдары арқылы (пошта, Интернет) оларға тест сұрақтары жіберіліп тұрады екен. Белгіленген уақыт ішінде студенттер тест жауаптарын оқу орталығына жіберіп, өз бағаларын біледі. Баға қою процестері ҚазҰУ-дегі технологиялар бойынша жүзеге асырылады.**



Сағынғали АЙДАРБАЕВ,
ҚазҰУ халықаралық құқық кафедрасы меңгерушісінің міндетін атқарушы, заң ғылымдарының кандидаты

Студенттердің басым көпшілігі (90 пайызы) «халықаралық құқық» пен «халықаралық қатынастар» мамандықтарын таңдайтын болып шықты. Олардың басым бөлігі Еуропа елдерінде тұратын түріктер екен, әсіресе Германия, Австрия, Франция елдерінен келгендер көп. Түркияның өзінде тұратын студенттер контингенті көбінесе мемлекеттік қызметтегі азаматтар (олардың ішінде, прокурорлар, әкімдер, тіпті Түркия парламентінің екі депутаты да бар екен). Бұлардың ҚазҰУ-ді таңдауы маған қызықты болып көрінді. Өйткені Түркияның өзінде де көптеген университеттер бар емес пе, ал олардың көбінде оқу үшін төлем ақы ҚазҰУ-ге қарағанда әлдеқайда төмен (мысалы, кейбір университеттер 300 долларға да студенттерді оқытатын болып шықты). Одан кейін, Түркияның мемлекеттік органдары ҚазҰУ-дің дипломын танымайды екен, яғни бұл дипломмен мемлекеттік қызметке қабылдамайды. Оқу орталығының басшыларына студенттер неліктен ҚазҰУ-ді таңдайды деген мазмұнда сұрақ қойдым. Олар бұл жағдайдың бірнеше себебін айтты. Біріншіден, ҚазҰУ дипломы Еуропа елдерінде танылатын болғандықтан еуропалық түріктердің таңдауы бізге түседі екен (Европа университеттерінде оқу үшін төлем ақының қаншалықты қымбат екенін барлығымыз білеміз). Ал, Түркия университеттерінің дипломдарына еуропалық университеттер күмән келтіреді. Мысалы, ҚазҰУ дипломын алған Германияда тұратын түріктер осы елдегі университеттердің магистратурасына емтихансыз қабылданып, ал Түркия университеттерінің дипломын иеленген азаматтар қатал сынақтан өткізіледі екен. Оқу орталығы басшыларының айтуы бойынша бірнеше рет ҚазҰУ-дің жасанды дипломдарымен ұсталған түрік азаматтары туралы мәліметтер Европа университеттерінен келіп түсіпті. Оларға мұндай азаматтардың біздің оқу орталығында оқымағаны жөнінде хабарланған. Екіншіден, Түркияның өзінде тұратын азаматтарға қатысты. Олардың көбі мемлекеттік қызметте болғандықтан еліндегі саяси күрестен тыс қала алмайды екен. Сондықтан, өз университеттерінде оқыған жағдайда оларға қысым көрсетілуі мүмкін. Бұған қоса, ҚазҰУ білімін түрік азаматтарының көпшілігі жоғары деп санайтын болып шықты. Тіпті Түркияның кейбір ірі университеттері, бұрын жүргізілмеген сабақтарын жарнама ретінде басылып шығарылған ҚазҰУ жоспарларынан көріп енгізгенін айтады оқу орталығының әкімшілік өкілі Левен мырза. Осы себептерден бұл азаматтар бейтараптығы танылған ҚазҰУ-дің оқу орталығын таңдайды.

Биылғы жылы оқу орталығы студенттерді төртінші рет бітіргізіп, шығарып салуда. Жалпы, студенттер саны көп емес. Мысалы, биыл бітіретін студенттер саны бар-жоғы сегіз-ақ адам. Алдыңғы жылдары да осыған шамалас студент оқуларын аяқтапты. Егер Түркияның мемлекеттік органдары ҚазҰУ дипломын танитын болса, студенттер саны әлде де өсетін түрі бар. Мәселен, ең алғашқы жылы ҚазҰУ-дің оқу орталығына құжат қабылдау кезінде екі жүзге жуық абитуриент келген болатын. Кейін, Түркияның мемлекеттік органдарына ҚазҰУ дипломы жарамайды деп хабар келгенде көп студенттер құжаттарын алып кетіпті.

**ҚазҰУ дипломы Европа елдерінде танылатын болғандықтан еуропалық түріктердің таңдауы бізге түседі екен (Европа университеттерінде оқу үшін төлем ақының қаншалықты қымбат екенін барлығымыз білеміз). Ал, Түркия университеттерінің дипломдарына еуропалық университеттер күмән келтіреді**

Осы жағдайды естіген кезде, "ҚазҰУ дипломы Европа елдерінде танылғанда, Түркияда неге танылмасқа?" – деген сұрақ туады. Ол үшін не істеу керек? Менің ойымша, дипломымыздың танылу мәселесі Қазақстанның Білім және ғылым министрлігіне байланысты. Егер осы министірлік үкімет арқылы бұл мәселені Түркияның тиісті мемлекеттік органдарымен бірлесе отырып шешсе, ҚазҰУ Түркияның кез келген университетімен бәсекеге түсе алар еді. Тіпті бұл елде ең беделді университеттердің бірі болып саналарына да өз басым толық сенемін.

Четвертая власть

# О ЖУРНАЛИСТСКОМ ОБРАЗОВАНИИ В ТУРЦИИ

*Журналистское образование считается одним из престижных на родине Юнус Эмре, в Турции, где издревле ценится слово, где веками проводились состязания шеиров*



Л.НУРГАЛИЕВА, к.и.н.,
старший преподаватель факультета журналистики

В Турции для поступления на факультет журналистики необходимо сдать всего лишь один экзамен, состоящий из тестов по нескольким предметам. В стране государственные университеты дают бесплатное образование, а в частных вузах образование платное. Развита спонсорская помощь, а также поддержка со стороны различных благотворительных фондов для детей из малообеспеченных семей для поступления в престижные университеты страны. В Турции журналистике обучаются четыре года. Одна из отличительных особенностей журналистского образования в стране - это отсутствие заочного и вечернего обучения. Студенты, фанатично проповедующие ислам, на факультет журналистики не принимаются. Однако их можно встретить на других факультетах, таких, как востоковедение, некоторые естественные. Они могут учиться в технических и медицинских вузах.

Во всей Турции всего 18 факультетов журналистики.

Статистические данные потверждают, что журналистика в стране становится в основном женской профессией. В 15 университетах Турции на факультетах журналистики учатся 6439 девушек и всего 5397 парней. Из них 516 иностранных студентов и в их числе 13 казахстанских.

Что касается учебного процесса, то надо отметить, что преподаватели часто ездят на стажировки в страны Западной Европы. В обучении студентов применяется новейшая технология, привезенная, в основном, из Германии и Японии. Иностранные языки преподаются профессорами, приехавшими из разных стран. Уделяется огромное внимание преподаванию "Паблик Рилейшнз" (PR).

По мере укрепления культурных связей между Казахстаном и Турцией увеличился обмен преподавателями и студентами.

Во многих казахстанских вузах обучаются студенты из Турции. И по их мнению, наше образование качественее и дешевле.

Мы надеемся, что с развитием казахстанско-турецких культурных отношений увеличится и обмен между преподавателями и студентами.

Тәрбие ісі – негіздердің негізі

*Гүлнәр СӘРСЕНБЕКОВА,*
*тәрбие істері және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректордың орынбасары*



# Тәрбие мен білім – ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ҚОС ҚАНАТЫ

**Елбасы Н.Назарбаевтың "Тәуелсіздігіміздің он жылдығы - республикамыздың саяси және мәдени-рухани өміріндегі тарихи оқиға" деген сөзінде үлкен мән бар. Сол себепті, ҚазҰУ ұжымы үстіміздегі жылды Тәуелсіздігіміздің 10 жылдығының мәртебесін көтеру идеологиясымен бастады**

Бостандық - бар ырыстың бастауы болып отырған шақта ҚазҰУ-дің болашағын айқындайтын стратегиясының ең басты бағыттарының бірі – келешегіміздің кепілі болатын бүгінгі жастардыісін тиянақты орындай білетін білімді де мәдениетті, саналы да салауатты маман ретінде тәрбиелеп, даярлау болып отыр.

Биылғы оқу жылының "Тәрбие ісі – негіздердің негізі" деп басталуы көптеген жаңа бастамаларға құлшындырғаны сөзсіз. Университет өмірінде 1998 жылдан бері пайдалануға беріліп, қазіргі заман талаптарымен жабдықталған Студенттер сарайының жастар өмірінде алар орны бөлек болып отыр.

Бүгінде Студенттер сарайы – жастарымыздың бос уақыттарында жиналатын жайы ғана емес, оларды ертеңге жетелейтін, өзін сан қырынан ашуға ықпал жасайтын орталыққа айналды. Университетіміздегі студенттерге арналған көркемөнерпаздар үйірмелері өз жұмыстарын 1-қыркүйектен-ақ бастап кетті. Олар: ҚазҰУ-дің мақтанышы "Фараби сазы" ұлт-аспаптар оркестрі, домбыра үйірмесі (жетекшісі - Әмірханов Б.), студенттердің драмалық "Шаттық" театры (жетекшісі - жас драматург Саламат Д.), 20 жылдан астам университет өмірінде "Спектр" атымен танымал би тобы (жетекшісі - Гизатуллина Н.), соңғы 2 жыл ішінде республикалық, қалалық, аудандық конкурстардың жеңімпазы атанып жүрген "Махаббат" би тобы (жетекшісі - Асылбекова Г.), жастар көп қызығушылық танытатын эстрада үйірмесі (жетекшісі - Сламбек М.), биылғы жылы Т.Молдағалиев, Ж.Ерман ағаларымыз тұсауын кескен "Жас ақындар" бірлестігі (жетекшісі - танымал айтыскер ақын Қалиев С.), "Бәрекелді" әзілкештер сайысы (жетекшісі - Дүйсенғазин С.). Үйірмелерге келем деуші студенттерге есігіміз әрқашан да ашық. Олар бекітілген кестелер бойынша аптаның барлық күні жұмыс жасап, 1-курс студенттерін шақырып, таныстыру шараларын жүргізуде.

Студенттер сарайы – жаңа мерекелер мен жастар фестивальдарының ошағына айналды. ҚазҰУ көптеген байқаулардың, фестивальдардың жеңімпазы ғана атанып қоймай, тың бастамаларға ұйытқы бола білуде.

Үстіміздегі жылдың 4-сәуірінде "Қыз сыны" байқауы (журналистика факультетінің 3-курс студенті Рахметова Р. жеңімпаз атанды), 11-сәуірде "Жігіт сұлтаны" байқауы (халықаралық қатынастар факультетінің 2-курс студенті Бағашаров Қ. жеңімпаз атанды) өтті. Алғашқы рет "Жас алаш" газеті мен эстрада жұлдыздарын шақыра отырып, жастар көңілінен шыққан "Қозы мен Баян күні" (Махаббат күні) мерекесі 19-мамырда ұйымдастырылды.

2001 жылдың 21-наурызында "Поэзия менімен егіз бе едің?" атты жыр мүшәйрасы өткізілсе, 4-сәуірде Студенттер сарайында 1600-ден аса студент жастарды жинаған "Жас ақындар" бірлестігінің ашылу салтанаты мен Ж. Ерманмен кездесу кеші болып өтті.

Мерекелік шараларды атқаруда ұлттық өнеріміздің бірі, бүгінгі таңда жаңарып, жасарып отырған халық қазынасы – айтысқа да үлкен мән берілді. Өздеріңізге мәлім, ҚазҰУ М. Тазабеков, Б. Әшірбаев, С. Қалиев, С. Дүйсенғазин секілді танымал айтыс ақындарымен мақтана алады. Сондықтан да жаңа дарындардың бағын ашу мақсатында осы жылдың 3-қазанында өз ішімізде ақындар айтысын өткізуді жоспарлап отырмыз.

Университет ұжымы мен студенттер мерейтойға арналған жоспарланған шаралардан басқа да республикалық, қалалық, аудандық өнер тойларына да ат салысты.

Қазақстан халықтары фестивалі, ҚР Білім және ғылым министрлігі мен "Қазақстанның болашағы үшін" жастар қозғалысының ұйымдастыруымен жоғары оқу орындарының арасында бес номинация бойынша өткен "Жас толқын" фестивалінде үш номинация бойынша ("Би" – Асылбекова Г., журналистика факультетінің студенті, "Сөз өнері" – Халиолла Б., журналистика факультетінің студенті, "Жас толқын аруы" – Шандыбаева С., ЭжҚ институтының студенті) жеңімпаз атанып, Астана қаласында өтетін І-ші жастар фестиваліне жолдаманы жеңіп алдық.

Он номинация бойынша бірінші рет Алматы қаласының жоғары оқу орындары жастарының арасында өткен "Алматы – Арман қала" фестивалінің бас жүлдесіне ие болып, "әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – Алматы қаласының ең үздік жоғары оқу орны" атағын иелендік.

Алдағы уақытта жастарымызды Бішкек қаласында өтетін Қырғыз мемлекеттік университеті мен ҚазҰУ студенттерінің 3-ші фестивалі, Астана қаласында өтетін 1-ші жастар фестивалі күтуде.

ҚазҰУ-де жыл бойында өткен шараларға белсенді қатысып, жеңімпаз атанған талантты студенттерімізге университет ректорының тікелей басшылығымен музыкалық аспаптарға тапсырыс беріліп, ұлттық киімдер тігілуде. Алдағы уақытта да университет тарапынан көрсетілетін көмек көздері қарастырылуда. ҚР Тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналып 10-15-ші желтоқсанда өткізілетін "Менің Қазақстаным!" фестивалінде дарынды да алымды студенттеріміз ректор тағайындаған арнайы дипломдар, құрмет қағаздарымен марапатталады.

Біздер үшін ата-бабаларымыз аңсап өткен, қаны мен терін төккен тәуелсіздіктің қандай қасиетті қазына екендігі мәлім. Бір сәтке ойлана қарасаң, Студенттер сарайы, спорткешені, оқу корпустары, жатқханалары мен тамақтану комбинаты, пошта, телеграф, сауда орталығы - бәрі-бәрі шоғырлана орналасқан ҚазҰУ қалашығында білім, тәрбие алудың бағасын жете түсінгендей боласың. "Бақыт бағасын білгеннің ғана басында тұрады" демекші, осы мүмкіндікті бағалай да, аялай да білейік, жастар!

Жастардың сарқылмас қуатынан күш алатын университетіміз көркейіп, жасара берсін!



● «Жас ақындар» бірлестігінің тұсаукесер рәсімі

Тәні саудың - жаны сау

# ҚАТЕРЛІ ДЕРТТЕН ҚАШЫҚ ЖҮР

**Соңғы жылдары жер шары халықтарының назары XXI ғасыр обасы аталған СПИД (синдром приобретенного иммунодефицита - иммунитет жетіспеушілік синдромы) дертіне ауада. Қазірдің өзінде ондаған мың адамдардың өмірін жойған осы бір қатерлі ауру жайында жұмыр жердің түкпір-түкпірінде айтылуда**

СПИД қоздырғышы немесе адамда иммунитет жетіспеушілікті туғызатын вирусты (ВИЧ-1) 1983 жылы француз ғалымы, вирусолог Л.Монтанье тапты. Ал, 1984 жылы американдық ғалым Р.Галло вирустың барлық қасиеттерін жан-жақты тексеріп жариялады. Адам организміне енген вирус қанның лимфоцит клеткаларына кіріп, клетканың генетикалық аппаратына жабысып, тез көбейе бастайды. Осының әсерінен клетка жарылып, өз қызметін тоқтатады. Одан шыққан вирустар жаңа клеткаларға жабысып, өткен процесті қайталайды. Лимфоцит клеткаларының осылай жойыла беруі салдарынан организмде иммунитет жетіспеушілігі пайда болады. Бұл жасырын кезең ондаған жылға дейін созылуы мүмкін. Айрықша еске салатын жайт, осы жасырын кезең кезінде адам өзін аурумын деп есептемейді. Бірақ, ол өзімен қатынастағы адамдарға жұқпалы аурудың көзі ретінде СПИД-ті тарата береді.

Статистикалық көрсеткіштер бойынша дүние жүзінде 50 млн-нан астам адам қатерлі аурумен ауырады, оның 16,6 мыңдайы қайтыс болған. Біздің Қазақстанда мыңға жуық адам ВИЧ ауруын өзіне жұқтырған. Алматыда 46 адам СПИД ауруымен тіркелген. Қазақстан бойынша негізінен бірінші орынды Қарағанды облысының Теміртау қаласы алып отыр.

Биылғы жылға дейін Қазақстанда - 75 адам СПИД ауруынан қайтыс болған, оның екеуі балалар.

Қазіргі жастардың көбінесе демалып, сауық құру үшін дискоклубтарда жиі болатыны белгілі. Ойын-сауық кешті қызықты, көтеріңкі күймен өткізуге тырысады.

СПИД ауруын таратуда маңызы жағынан екінші орын алатын жол - вирус ластанған шприц және оның инесі арқылы өтуі. Бұл қан құйғанда немесе нашақорлардың бір ғана лас шприцті пайдалануынан жиі болады. СПИД ауруларымен жұмыс істейтін хирургтарға, тіс дәрігерлеріне, лаборанттарға, медбикелерге және өз жұмысына жауапсыздықпен қараған басқа да мамандарға қолдарында немесе басқа мүшелерінде кездесетін жарақаттар арқылы жұғуы мүмкін.

Бүгінде жыныстық өмірде әдепсіздікке жол бермейтін, есірткіге жуымайтын адамдарды "СПИД ауруына душар ететін басқа да жол бар ма?" деген заңды сұрақ ойландырады. Ондай қауіпке негіз жоқ деп айту қиын. Бірақ ұзақ жүргізілген бақылаулар нәтижесінде бір жанұяда вирус тасымалдаушыларымен бірге тұру, ыдыс-аяқты пайдалану, бір дәретханаға бару, ортақ киімді кию, монша заттарын ортақ ұстау, сүйісу, тіпті бір төсекте жату да қауіпті емес, яғни ауру тек қана жыныстық қатынасқа түскенде ғана жұғады. Маникюр жасау, ауру адаммен моншаға түсу, бассейнде шомылу немесе ауруханада бір палатада жату ешқандай қауіпсіз.

Ойын-сауық кешті қызықты, көтеріңкі күймен өткізбек үшін жастардың көпшілігі наркотикалық дозаларды қабылдауға дейін барып, осының нәтижесінде шприцті жартылай ортақ пайдалану орын алады. Ал бұл ауруды жұқтырып алудың бірден-бір жолы. Осындай келеңсіздікке жол бермеу үшін бізде студенттер емханасында арнайы шприц алмастыратын орын ашылып отыр.

Ақпатша ҚУАТОВА,
Алматы қалалық студенттер емханасының дәрігері, акушер-гинеколог



## Әлем әдебиеті

### Садық ХИДОЯТ

Париж мейманханаларының бірі. Үшінші қабатта Ираннан жаңа оралған Фланден өзінің ескі достарымен қызу әңгімеге кіріскен. Стол үстінде бір шөлмек шарап пен екі стаканнан басқа көзге көрінерлік еш нәрсе жоқ. Төмендегі асханадан шығып жатқан сазды әуен құлаққа жетіп, адамды ерекше бір сезімге бөлейді. Далада аспанды қара бұлт торлап, жаратушы күш бейне бір жерананы жуып-шайып алайын дегендей, нөсер жауын құйып тұр.



Парсы тілінен тәржімалаған шығыстану факультетінің студенті Қыдыр ТӨРӘЛІ

# ОТҚА ТАБЫНУШЫ

Терезеден осы бір тылсым дүниені тамашалап тұрған Фланден (Фланден мен Кост өткен ғасырдың атақты ирантанушылары болып, ежелгі Иран жайлы көп зерттеулер жүргізген. Бұл оқиға Фланденнің күнделігінен алынған) есіне бір нәрсе түскендей, жалт бұрылып, стакандағы шарапты қағып салды да, жолдасына қарап:

- Білесің бе, мен бір кездері сол бейтаныс таулар мен жазық далалардың арасында адасып кеткендей күй кешіп едім. Сонда Отанымды қайта көре аламын ба деп ойлап едім. Осы әуенді қайта есітсем деген арман болып еді. Елге қайта оралып, сендей сымбат досыммен осылайша бір сағат бойы, шер тарқатып отыруды тағатсыздана күткенмін. Ал, бүгін соның бәрі ұмыт болғандай, бәрін тастап келгеніме өкінудемін. Жүрегім сонда ең жақын сыңарын жоғалтқандай, аласұрып Иранды қайта іздейді. Тосыннан айтылған бұл сөздерге, сенбей отырған шығарсың, алайда бұл егіздің сыңарын жоғалтқан жүректен шыққан сөз!

Екі беті қызарандап тесіле қарап отырған жолдасы, оның сөзін әзілге санап, столды жұдырығымен бір қойды да, қарқ-қарқ күліп:

- Ужан, әзілді қойсайшы. Біз сені тек суретші ме десек, өлең жазатындай ақындық қабілетің де бар екен ғой. Шынынды айт, әлде бізді жақтырмай отырсың ба? Сені мұнша ынтықтырып жүрген не нәрсе? Естуімше шығыстың әйелдері қылықты болып келеді деуші еді.

- Жоқ, әзілдеп отырғам жоқ.

- Осыдаң бір күн бұрын туысыңның үйінде болып едім. Әңгіме барысы сен туралы өрбіп, Ираннан жіберген соңғы суреттеріңді тамашалап едік. Суреттер ойран болған жерлер жайлы екен. Ахан сонда отқа табынатын храм жайлы айтып еді. Сонда олардың отқа табынғаны ғой? Мен сен болған мемлекет жайлы тек атақты кілемдерін ғана біледі екем. Сен қазір бізге көрген-білгендеріңді айтып берсең қайтеді. Біз, париждіктер, ол мемлекет хақында аз да болса мәлімет алар едік.

Фланден, ішімдегіні тап дегендей біраз үнсіз қалып, әңгімесін бастады:

- ...есіме салғаның жақсы болды. Иранда жүргенімде бір ғажайып оқиғаның куәсі болып едім. Ол жайлы осы күнге дейін ешкімге де тіс жармап едім. Тіпті қасымдағы серігім Костқа да, есітсе келемеждейді ғой деп айтпап едім. Менің ешқандай да дінге сенбейтінімді өте жақсы білесің. Бірақ мен өмірімде бір-ақ рет құдайға риясыз сыйындым. Бұл мінажат сен суреттен көрген от храмының қасында болып еді. Иранның оңтүстігіндегі Персаполесте қазба жұмыстарымен айналысып жүргенімізде, бір күні жолдасым Косттың мазасы қашып, Рүстем нақышына жалғыз өзім баруыма тура келді. Онда Иранның ежелгі патшаларының қабірлері тауда қашалып бейнеленген. Мүмкін суреттен көрген шығарсың? Сонда Крестке ұқсас ғажайып нәрсенің суреті салыныпты. Оның жоғарғы жағында от храмының қасында отты оң қолымен көрсетіп тұрған Шахтың бейнесі сомдалған. От храмының үстінде олардың сиынар құдайы Ахура Мазда тұр. Ал, төменгі жағында сарайдың суреті салынып, екі тас дохменің (дохме - зорастырлықтардың діни рәсімі бойынша өлген адамның мәйітін қалдыратын көтеріңкі жер) арасына шахтың қабірі жайғасыпты. Осы сындас көптеген дохмелердің қарама-қарсысында зорастырлықтардың қағбасы үлкен от храмы бар.

Әлі бәрі көз алдымда. Күн ұясына батуға жақын қалған. Сол храмның аумағын өлшеймін деп, күннің ыстығынан қатты тарығып қалыппын. Кенеттен үстеріне ирандықтардың қарапайым киімімен киінген екеу мен жаққа қарай келе жатқандай болды. Олар жақын келгенде жастары егде тартқанмен, көздері өткір, ат жақты, денелері тепсе темір үзетіндей шымыр екенін байқадым. Олардан кімдер екенін сұрап едім, Иранның солтүстігінен келе жатқан Иездік саудагерлерміз деп таныстырды. Олардың ұстанған діні - ежелгі Иран патшаларының діні, бүгінде Иезд тұрғындарының көбісі ұстанатын дін Зорастризм екен. Бара жатқан жолдарынан арнайы бұрылып, ежелгі от храмына зиярат етуге келген жерлері екен. Олар сөздерін аяқтамай тұрып, жерден шөп-шалаң, кепкен ағаш жапырақтарын жинауға кірісті. Жиналған отындарды үйіп, өздерінің кішкентай рәсімдерін жасай бастады. Мен еш нәрсеге түсінбеген қалпы, сырттай бақылап тұрдым. Құрғақ ағаштарды жағып, мен өмірімде естімеген тілде былдырлап өздерінің дұғаларын оқуға кірісті. Ол тіл маған авестаның, зорастырдың тілі сияқты көрінді. Мүмкін, тастарға ойылып жазылған сына жазуының тілі шығар!

Қасиетті оттың алдында ол екеуі қызу дұғаға кіріскенде, мен басымды ақырын көтеріп едім, қарсы алдымдағы дохменің үстіндегі тас плитаға ойып салынған мәжілісмендердің бейнесіне жан кіріп, көз алдымда жан бітіп, қозғала бастағандай болды. Таңданғаным соншалық, қозғалуға шамам келмеді. Бейне Дари қабірінің үстіне тасқа қашалып салынған адамдарға жан кіріп, бірнеше жылдардан соң қайта оралып, менің қарсы алдымда өздерінің құдайына сиынып жатқандай болды. Бұл сенімнің араға бірнеше жылдар салып, бұны жойып жібермекші болған шабармандардың семсерінен аман қалып, менің көз алдымда қайта жаңғырғанына таң қалдым.

Екі зорастырлық дұғаларын бітіріп, жолға түсіп, көзден ғайып болды. Мен алаулаған оттың жанында жалғыз қалдым. Бір кезде не болғанын қайдам, әйтеуір денем ауырлап, өзімді бір діннің әсерінде болғандай сезіндім. Айнала-төңіректі меңіреу тыныштық басты. От жалыннан пайда болған ұшқындай тау бөктерінен көтерілген ай сәулесі үлкен от храмына түсіп тұрды. Мен сол сәтте өзімді екі-үш мыңдай тарих қойнауына еніп, өзімнің ұлтымды, бар болмысымды ұмытып кеткендей күй кештім. Жаныма қарап едім, екі ақсақалдың жерге омақаса құлап, тәңірлеріне сыйынған жерден бейне бір көк түтін көкке көтеріліп, ауаға тарала бастағандай болды. Айналамдағы ойран болған тастардың көлеңкесі, шексіз көк аспан, төбемде жалт-жұлт еткен жұлдыздар, ғажап тарихи жерлер мен көне от храмдары өзгеше күйге түскендей еді. Жан-дүниемді қарсы алдымдағы дохмелер мен тастар бөлеп, еріксіз бір сезіммен, имансыз жүрегіме нұр толып, көз алдымда көк түтін пайда болған қара жерге тізе бүгіп, мінажат ете бастадым. Құлшылыққа жан-тәніммен берілгенім соншалық, тілім артық сөзге келер емес. Арадан бірер минут өтер-өтпестен есімді жиғанымда, Ахура Маздаға мінажат еткенімді анық білдім. Мүмкін Иранның бұрынғы патшалары отқа осылайша табынған болар! Мен сол күннен бастап отқа табынушы болдым. Енді мен туралы не ойласаң да өз еркің. Мүмкін бұл адамзат баласының жаратушының алдындағы әлсіздігі болар...

Тегеран, 1930 жыл

## Қара өлең қағанаты

Құс қанаты талатын байтақ далам,
От тұяқты тұлпар да тайсақтаған.
Қыран тектес көңілім тарыққанда
Құшағыңа қыспасаң жай таппаған.

Ақ қайыңды даланың еркесімін,
Еркін ескен тербеген жел бесігін.
Біреу менің даламды жаратпаса,
Жаратпасын маған-ақ бер кесімін.

Құмды дала, ойды қыр алмастырып,
Екі жақты жататын жалғастырып.
Таулы өлкеге жол тартып келгенімде
Көрсетпеген түк те де жартас қылық.

Тауға, бәлкім, ұнадым, ол да маған,
Жақпар тасы жаныммен тең қаланған.
Сөйте тұра, қамыққан сәттерімде
Қалқан іздеп кетемін кең даламнан.

Жұпарыңды ақ қайың, аңсап сенің,
Шарласам да таппаймын, шаршап емін.

Адамша егер ойлай алса тұлпар-күн
Тынығып та алар еді,
Сәл нәрседен сыр ұғып.
Жұлдыздар жүр тығылып,
Жарық Күнге жақпаған.
Отқа қарап табыну -
Түсінбедім, - жат маған.
Жыр жолдарын жүрегіме жазылған
Жаттағам да,
Соңын таппай,
саған арнап сақтағам.
Көкжиекте күреңіткен
Күн бол деп ем әр батқан,
Мың жұлдыз боп шашылдың да,
Ағып кеттің жан-жаққа.
Өктем қалпың қайда кеткен жоғалып,
Көктем болып қалғың келген,
қанғың келген шәрбатқа.
Көктем болып қалғың келген,
Күз келерін ойламай.
Қиялданып туған сонда
бұлт басты да
Толмады ай.
Сәуле шашқан үміт гүлі сен үшін
Бір күн тағы
бағасы жоқ бедер бейне болмағай.

Күз келерін ойламадың,
көктем жақта қалды үнің,
Көктеп едім, талшық етіп



Торғын ТҰРЛЫБАЕВА,
ҚазҰУ-дің 3-курс студенті:

### «Ақ қайыңды даланың еркесімін»

Таудан биік тұрмайды өзге нәрсе
Деген сөздің төркіні жаңсақ тегі.

***

Тірліктің тынымы жоқ күні пақыр,
Сәт сайын сан құбылып, сырғып жатыр.
Тырмысып тер төккенмен бәріміз де
Жатамыз топырақта тынып ақыр.

Тірліктің тұлымы жоқ тұлдыр әнін
Тыңдауға төзімімді мың құрадым.
Қиялым қалап шыққан қиялардан
Құм қармап қайта-қайта құлдырадым.

Тірліктің өрі де көп, еңістері
Кейбіреу күлкіге де кеміс тегі.
Құр күлкі, қайтымы жоқ кімге керек -
Жалғанның жарты күндік жеңістері.

***

Өткен күндер қатал неткен,
Қарамайтын бұрылып.
Уақыт, мүмкін кінәлі?..
Зымырайды құнығып.

жаздың жылы жаңбырын.
...Түсініксіз.
Маған несін қарайды?!
Жерге сіңген жауын сынды көрінбейтін тағдырым.

***

Төркіндеп барып төріне шуақ шағымның
Жанарын сүрттім жасаурап тұрған жанымның.
Таныс қой деп ем бәрі де, бірақ, жарасым
Таба алмай мүлде жаңылдым.

Өлеңдеп көңіл жыртуға тіптен қимадым,
Ертегі етіп жазылған жылдар жинағын.
Езуін тартып есіктен кірген елестің
Есімін сұрап қинадым.

Елес боп келген ертеңім екен, білмедім,
Есуас ой деп, жаратпап едім күлгенін.
Елес боп келдің,
Ендеше, елес қалпында
Серігім болып жүр менің.







# ТӨЛ БАСПАМЫЗ ТАРТУЫ

## ТӨРТ АМАЛ




Н. Ақанбай. Ықтималдықтар теориясы. Оқу құралының негізіне автордың бірқатар жылдар бойы университет студенттеріне оқыған дәрістері алынған.

## ТҰЛҒА

С. Мұқанов және қазақ әдебиеті. (Ж.Д. Дәдебаев - бас редактор). Кітап қазақ әдебиеттану ғылымы мен мұқановтануға қосылған үлкен үлес болып табылады. Жинақты дайындап, баспаға ұсынған филология факультетінің Қазақ әдебиеті кафедрасы.




## ЭКОНОМИКА

Международные экономические отношения. (Р.Е. Елемесов - гл. редактор). Учебное пособие рассчитано на студентов и магистрантов, обучающихся по специальности “Международная экономика”.







## ПРАВО

А.С. Ибраева, Н.С.Ибраев. Теория государства и права. Настоящее издание представляет собой учебный комплекс по теории государства и права.




## ӘДЕБИЕТ

Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. (Т. Кәкішұлы - бас редактор). Оқу құралында қазақ әдебиетінің көне кезеңдерден бүгінгі кезеңге дейінгі даму белестері тарихи, әдеби тұрғыдан қарастырылады.

2001 Баспасөз-2001 Баспасөз 2001 Баспасөз-2001 Баспасөз

# БАСПАСӨЗ-2001




Үшінші мыңжылдық ақпарат ғасыры болмақ деген болжам айтылуда. Бұлай бағамдауға негіз де жоқ емес екенін күн сайын байқап жүрміз. Өткен ғасырдың басындағы А.Байтұрсынов айтқан

## АҚПАРАТСЫЗ ДҮНИЕ БОС...

“Газета - халықтың көзі, құлағы һәм тілі” деген сөзі бүгін де маңызын жойған жоқ. Қайта бұл пікір жылдар озған сайын ауқымдалып, қазіргі заманды бұқаралық ақпарат құралдарынсыз көзге елестете алмайтын болдық. Сондай тасқындаған ақпараттар ағынының арасында студенттердің сүйікті басылымы “Қазақ университеті” газетінің де өзіндік орны бар екенін тағы да естеріңізге салғымыз келеді. Заман ағымынан қалмауға ұмтылған басылым бүгінде университеттің, оның ішінде студент жастар өмірінің айнасы ретінде көптеген игілікті шаралар атқаруда. Атап айтсақ, қоғамдағы, оқу орнындағы, бүгінгі жастар өміріндегі жаңалықтарды, соны бетбұрыстар мен кемшін тұстарды оқырмандар газет бетінен тауып, жан-жақты мағлұмат ала алады. Сонымен бірге республикалық мәртебеге ие газетіміздің жер-жердегі оқырмандарына да басылым өміріне белсене араласып, өз сын-пікірлерін жіберіп, ой бөлісіп тұруға толық мүмкіндік жасалған.

Құрметі оқырман!

Өздеріңізге белгілі, биылғы жылғы газет-журналдарға жазылу науқаны басталып та кетті. Солардың арасындағы сүйікті басылымдарыңыз “Қазақ универистеті” газетіне жазылуды да ұмытып кетпесеңіздер екен.

Газеттің индексі 65989.

Бір жылға жазылу бағасы - 521 теңге 76 тиын.

Газетке жазылу еліміздің кез-келген нүктесіндегі байланыс бөлімшесінде жүзеге асырылады.

ұлаққағыс

## Талаптыға таңдау көп

**әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Студенттер клубы 2001-2002 оқу жылында талантты студенттерді үйірмелерге қатысуға шақырады**

Бізде “Фараби сазы” ұлт-аспаптар ансамблі, домбыра үйірмесі, драма үйірмесі, “Спектр”, “Махаббат” би үйірмелері, КВН, эстрада үйірмесі, “Бәрекелді әзілкештер сайысы” (БӘС), “Жас ақындар” бірлестігі, “Балдық би” үйірмелері жұмыс істейді. Бос уақыттарыңызды тиімді пайдалану үшін қапы қалмаңыздар! Біздің мекен-жайымыз: Студенттер сарайы. 104-бөлме.

Тел.: 47-29-47 (ішкі тел.: 1399)

## Айтыс... Айтыс... Айтыс...

**Университеттің “Жас ақындар” бірлестігі тәуелсіздігіміздің 10 жылдығына орай университет ақындарының айтысын ұйымдастырмақшы. Айтысқа қатысып, өз өнерлерін сынаймын деген үміткер жастарды шақырамыз**

Айтыс қазан айының 3-ші жұлдызында Студенттер сарайында өткізіледі.
Студенттер сарайы. 104-бөлме.
“Жас ақындар” бірлестігінің төрағасы Серік Қалиев.

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| « | 13 | 1 | 27 | 4 | 11 | 7 | 20 | | . | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| ■ | 6 | 23 | 8 | - | 9 | 3 | 1 | 5 | ■ | 13 | 4 | 10 | 11 | 1 |
| 3 | ■ | 13 | 6 | 3 | ■ | 11 | 7 | 28 | 7 | 14 | 7 | 8 | - | 1 |
| 3 | 1 | 8 | ■ | 13 | 4 | 10 | 11 | 1 | 3 | ■ | 1 | 24 | 10 | 1 |
| 2 | 1 | 24 | 3 | 4 | 5 | ■ | 1 | 5 | 1 | 8 | ■ | 13 | 4 | 10 |
| 11 | 1 | 3 | , | 10 | 7 | 24 | 18 | 28 | 18 | 10 | 19 | 18 | ■ | 1 |
| 21 | 1 | 8 | ■ | 13 | 4 | 10 | 11 | 1 | 3 | ■ | 1 | 12 | 13 | 1 |
| 28 | - | ■ | 3 | 1 | 16 | 4 | 8 | - | ■ | 17 | 14 | 7 | 8 | - |
| ■ | 13 | 4 | 10 | 11 | 1 | 3 | ■ | 3 | 16 | 4 | 21 | - | ■ | 22 |
| 12 | 14 | 7 | 5 | , | ■ | 7 | 2 | 18 | 8 | ■ | 13 | 4 | 10 | 11 |
| 1 | 3 | . | ■ | | | | | | | | | | | |

Құрастырған: Ғ. Бөтғұлдаұлы,
Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, «Бесоба» ауылы

## ҚҰПИЯ СӨЗ

Әрбір сан белгілі бір әріптің баламасы. Төмендегі сұрақтарға жауап беру арқылы әріптердің кілтін таба аласыздар. Барлық сандарды әріпке айналдырғаннан кейін қазақтың аса айтулы, айбынды, аруақты бинің есімін, даналық сөзін оқи аласыздар.

I-Ұлы ақын, XX-ғасырдың Гомері - Жамбыл дастаны - «3. 15. 20. 1. 5. 7. 2. 18. 10.»
II-Мәдениеттің ошағы болған қала - 11. 6. 13. 1. 28. 1.
III- XV-ғасырдың батырлық жыры - 7. 28. 13. 9. 12. 1. 24.
IV-Сыпайылық, ізеттілік - 17. 19. 7. 21. 3. 18. 2. 18. 14.
V-Португалия ақшасы - 7. 12. 14. 16. 19. 9.
VI-Ұлттық сән-әшекей түрі - 22. 8. 18. 28.
VII-Ирактың бірнеше төбеден құралған ежелгі егіншілер мекені - 23. 28. 4. 10 - 3. 7. 21. 7.
VIII-Үй құсы - 13. 1. 27.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты және журналистика факультеті

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

*Бас редактор* - **Бекжан Әшірбаев;**
*Бас редактордың орынбасары* - **Нәйлә Садықова;**
*Жауапты хатшы* - **Дариға Амангельдиева;**
*Теруші* - **Айтгүл Бабасова;**
*Көркемдеуші-беттеуші* - **Айдын Әбдібекұлы;**
*Фототілші* - **Арман Сәрсенбиев;**
*Нөмірдің кезекші редакторы* - **Сәндібек Жұбаниязов.**

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Л.С. АХМЕТОВА - *проректор;*
Н.О. ОМАШҰЛЫ - *декан;*
Б.Ө. ЖАҚЫП - *кафедра меңгерушісі;*
Г.В. ВИНОКУРОВ - *"Парасат" кәсіподақ ұйымының төрағасы;*
Е.Ж. ӘБІЛҚАЙЫРОВА - *ғылыми кітапхана директоры;*
Ш. ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ - *кафедра меңгерушісі;*
А.Б. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ - *жас ғалымдар Кеңесінің төрағасы;*
Н.С. БАЙЫМБЕТОВ - *студенттер Сенатының төрағасы;*
А. ЕЛІБАЕВА - *студенттердің "Сұңқар" кәсіподақ ұйымының төраға орынбасары*

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

**480078, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 10-қабат, 1000 бөлме**

*Нөмір Ауыл шаруашылығы министрлігінің баспасында 21.09.2001 ж. басылды*

Бағасы келісім бойынша
Таралымы- 1000 дана
Көлемі 2 б.т.
Индексі 65989
№347 тапсырыс

**Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді**